

Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті 6D073200 – Стандарттау және сертификаттау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ораз Гүлзаг Таерқызының «Өндіріске тиімді сапа жүйесін және сиыр еті классификациясын халықаралық стандарттар талаптарымен әзірлеу және енгізу» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің

ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестілігі	Ресми рецензенттердің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы мемлекетіміздің Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігімен қаржыландырылатын ПЦФ №BR062449227 «Мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және сақтау бойынша инновациялық технологияларды әзірлеу» ғылыми-зерттеу жұмысының шеңберінде 2018-2020 жж. «Халықаралық стандарттарға сәйкес ірі кара мал ұшаларын кесу және сүйектерден тазарту технологиясын әзірлеу» Диссертациялық жұмыстың тақырыбы өте ауқымды болғандықтан өндіріске тиімді сапа жүйесін енгізу мақсатында ауқымды ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген.
2	Ғылыми маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Берілген жұмыс сапа сұранысын қанағаттандыру мақсатында ғылым мен тәжірибенің сұраныстарына толық жауап берді Азық-түлік тізбегінің барлық қатысушыларының қызметі тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне әсер етеді, себебі әр кезеңде жүйенің одан әрі тұрақсыздануына және сәйкессіздік тәуекелдерінің пайда болуына алып келетін қауіптер туындайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы азық-түлік өнімдерін

			<p>өндіру тізбегіндегі азық-түлікті ластайтын немесе оның алдын алатын қадамдарға назар аудару үшін «өрістен сөрелеріне дейінгі» әдісін қабылдаған. Диссертациялық жұмыста ет өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына әсер ететін факторларды жүйелі талдау нәтижесінде өрістен сөрелеріне дейінгі тізбек бойынша ет өнімдерін өндіруде әрбір өсіру жүйесіне қатысты туындайтын тәуекелдер анықталған</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; өзі жазбаған;</p>	<p>Автордың зерттеу жұмыстарындағы қосқан үлесін Кез келген тамақ өндірісінің негізгі технологиялық міндеті – сапа көрсеткіштері бойынша қауіпсіз және сапасы жағынан тұрақты өнім шығару. Қазақстан Республикасында союға арналған ірі қара малды өсірудің үш жүйесі – жеке қосалқы шаруашылықтар, шаруа қожалықтары және өндірістік кешендеріне зерттеу жүргізілген. Бұл жүйелердің өнеркәсіптік өңдеуге жарамды сиыр етін алуға әсерін ғылыми тұрғыдан салыстыру бүгінгі күнге дейін жүргізілген жоқ.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңыздылығы сиыр етінің ұшаларын кесектерге кесудің бірыңғай қағидалары мен талаптарын, кесінділердің бірыңғай спецификация мен атауларын қолдануды қарастыратын БҰҰ ЕЭК халықаралық стандарты оларды өнеркәсіпте де, саудала да тұтынушылардың сұраныстарын есепке ала отырып, көп нұсқалы, ұтымды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бұл ет өндіру мәдениетін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді және экспортқа арналған</p>

		сиырдың жартылай ұшасын мүшелуу тәсіліне патент алынған.	
	4.2	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны жұмысты толық ашуға мүмкіндік береді және зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толығымен айқындайды.
	4.3	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеуге қойылған міндеттер дұрыс және зерттеуге қойылған мақсаттарға қол жеткізген.
	4.4	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері кіріспе, әдеби шолу, тәжірибені ұйымдастыру, зерттеу нысандары мен әдістері, зерттеу нәтижелері және оларды талқылау бойынша нәтижелерді пайдалану бойынша қорытынды ұсыныстар, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар логикалық тұрғыдан өзара байланысты және бірін-бірі толықтырады. Зерттеу тақырыбын дәйекті түрде ашады.
	4.5	Автор ұсынған жаңа шешімдер (кағидалар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Доктарантпен әзірленген ұсыныстар дәлелді, ғылыми негізделген, сонымен бірге сыни талдау негізінде белгілі шешімдермен бағаланған. Сиыр етін өндірудің трофологиялық тізбегіндегі барлық кезеңдер мен операциялардың алгоритмі ретінде қауіпті факторларды визуалды көрсету тәсілі ұсынылды, мұнда үдеріске кіретін және одан шығатын деректердің толық талдауымен трофологиялық тізбектің барлық кезеңдері ретпен көрсетілген, бұл барлық туындауы мүмкін тәуекелдерді көрнекі қадағалауға,

5	Ғылыми жаңашылдық принципін	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25-75% жаңа болып табылады);	оларды жоюға немесе олардың туындауының алдын алуға мүмкіндік береді. Ғылыми нәтижелер мен қағидағар толығымен жаңа болып табылады. Экспортқа арналған сиырдың жартылай ұшасын мүшелу тәсіліне патент алынған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25-75% жаңа болып табылады);	Сиыр етінің ұшаларын кесектерге кесудің бірыңғай қағидалары мен талаптарын, кесінділердің бірыңғай спецификация мен атауларын қолдануды қарастыратын БҰҰ ЕЭК халықаралық стандарты оларды өнеркәсіпте де, саудада да тұтынушылардың сұраныстарын есепке ала отырып, көп нұсқалы, ұтымды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бұл ет өндіру мәдениетін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Сойыс малының қондылығы мен сапасына қарай біртекті топшаларға бөлу үшін стандарттарда қарастырылған жіктеу жүргізілген, сондықтан қорытындылар толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Докторант сиыр етін өндірудің «өрістен сөреге дейін» маңызды кезеңдерін анықтау тәртібін ғылыми негіздеген. Ет шикізатының көрсетілген қасиеттерін қалыптастыру және өрістен сөреге дейінгі тізбек бойынша оның сапасын бағалау әдістері

6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	анықтаған. Докторантпен зерттелген жұмыста қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген, және ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан дәлелденген. Зерттелген жұмыс жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізілген, нақты ғылыми негіздемелер жасалған. Сондықтан зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы зор.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Колдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Қорғауға ұсынылған зерттеу жұмысының нәтижелері жаңа болып табылады.</p> <p>7.1 Қазақстан Республикасындағы өсу жағдайларына байланысты ірі кара мал етінің сапалық көрсеткіштерін салыстырмалы бағалау. Нәтижелерді растайтын жарияланымдар бар.</p> <p>7.2 Қағида дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу объектілері шынайы, мәліметтер толық, колдану деңгейі кең ауқымды.</p> <p>7.3 FMEA әдістемесі жануарларды өсіру жүйесіне байланысты сиыр етін өндірудің трофологиялық тізбегіндегі әрбір кезеңде болатын сәйкессіздіктердің түрлерін, салдарын және себептерін талдау үшін алғаш рет қолданылды.</p> <p>7.4 Сиыр етін өрістен сөреге дейін өндіру үшін үлгілік сыни бақылау нүктелері белгіленген: сою және бастапқы өңдеу, кірісті бақылау, салқындату, сауда желілерінде сақтау.</p> <p>7.5 Ет өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына әсер ететін факторларға жүйелі талдаулар жүргізілген. Диссертациялық жұмыс эксперименттік зерттеулермен енгізу</p>

8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	актілерімен, патентпен, мақалалармен дәлелденген және расталған. Зерттеу әдістемелерін таңдау негізделген және диссертациясының тиісті бөлімінде толық, нақты сипаттамалар берілген. Диссертациялық жұмыста заманауи әдістер қолданылған. Алғаш рет FMEA әдістемесі жануарларды өсіру жүйесіне байланысты сиыр етін өндірудің трофологиялық тізбегіндегі әрбір кезеңде болатын сәйкессіздіктердің түрлерін, салдарын және себептерін талдау үшін қолданылған. IDEFO әдістемесін қолдана отырып, сиыр етін «өрістен сөреге дейін» өндіру үдерісінің алгоритмі құрылған, сонымен бірге өнім сапасын бақылаудың статистикалық қарапайым әдістері қолданылған.
			Сиыр етін өндіру және классификациялау бойынша тиімді сапаны басқару жүйесін әзірленген. Өзірлеудің басында сараптамалық бағалау негізінде трофологиялық тізбек кезеңдерінің параметрлік үлгілері құрастырылған. Технологиялық үдерістің барлық кезеңдері, сондай-ақ операцияларда пайда болуы мүмкін барлық қолданыстағы факторлар көрсетілген. Сарапшылардың пікірі (қосымша Ж) ұсынылған. Докторант зерттеу барысында пайдаланған материалдарға диссертацияда жаңа және сенімді ғылыми әдебиеттерге рейтингі жоғары журналдарға жарияланған ғылыми зерттеу жұмыстарының сілтемелерімен расталады. Зерттеу жұмысының нәтижелері әдеби

			дереккөздерге сілтеме жасай отырып, ғылыми сипатқа ие.
			Диссертациялық жұмыстың пайдаланылған әдебиеттер тізімі 154 басылымнан тұрады. Доктарант пайдаланған барлық әдебиеттер және мақалаларда жұмыстың маңыздылығын ашатын, ғылыми мәліметтер бар екенін айқындалады.
9	Практикалық құндылық принципін	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы өте зор. Қазақстан Республикасында халықаралық стандарттар талаптарын ескере отырып, азық-түлік өнімдерін өндірудің тиімді сапа жүйесін әзірлеу және енгізу кәсіпорындар перспективасына және ет өнімдерін экспорттауға мүмкіндік береді.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ет өнімдерін өндірудің өрістен сөрелерге дейінгі трофологиялық тізбегінің типтік сыни бакылау нүктелерінің тізбесі ұсынылған, сипаттамалары берілген және оларды анықтау жүйесі әзірленген. Сияр етін «өрістен сөрелерге дейінгі» өндірудегі осал кезеңдерді талдау әдістемесі әзірленген. Сияр еті мен одан алынатын өнімдерді өндірудегі қауіпті факторларды анықтау және «өрістен сөрелерге дейінгі» сыни бакылау нүктелерін анықтау бойынша ұсыныстар әзірленген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу нәтижесінде практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Өндіріске тиімді сапа жүйесін қалыптастыру мақсатында тәжірибе жүзінде қолдануға өте тиімді. Ет өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына әсер ететін факторларды жүйелі талдау нәтижесінде
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып	

		табылады)	<p>өрістен сөрелеріне дейінгі тізбек бойынша ет өнімдерін өндіруде әрбір өсіру жүйесіне қатысты туындайтын тәуекелдер анықталған және ғылыми негізделген. IDEFO әдістемесін пайдалана отырып, кіріс және шығыс деректердің егжей-тегжейлі талдауы бар трофологиялық тізбектің барлық кезеңдерін дәйекті түрде ұсынатын алгоритм әзірленген.</p> <p>FMEA әдістемесі негізінде мал өсіру жүйесіне байланысты сиыр етін өндірудің трофологиялық тізбегінің әрбір кезеңінде болатын сәйкессіздіктердің түрлеріне, салдарына және себептеріне талдау жасалған.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Диссертациялық жұмыста автордың академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмысты жазу ережелерінің барлық қойылған талаптарына сай орындалған.</p>

Ресми рецензенттің шешімі: Ораз Гүлшат Таерқызының «Өндіріске тиімді сапа жүйесін және сиыр еті классификациясын халықаралық стандарттар талаптарымен әзірлеу және енгізу» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы жоғары мәнге ие. Диссертация талаптарға сәйкес рәсімделген, ал жұмыс авторы 6D073200 – «Стандарттау және сертифицикаттау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ресми рецензент:

PhD докторы, «Қазақ тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» Семей филиалының директоры



(Handwritten signature in blue ink)

Ә.К. Суйчинов

19.12.2023 г.